

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХА 03.20

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530101>

Аман Әлібек Бақытжанұлы¹

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент),
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан,
e_alibek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

Ходжабердиева Мариям*²

Тарих білім бағдарламасының магистранты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе, Қазақстан, mariyamkozha@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0008-5984-3850

**ҒҰБАЙДОЛЛА МЕН ӘЛИАСҚАР ӘЛІБЕКОВТЕР - ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ
АЗАТТЫҒЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕРЛЕР**

Аңдатпа. Мақалада алаш қозғалысының, оның ішінде Алашорданың батыс бөлімінің мүшелері, ағайынды Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтердің 1917-1919 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі баяндалады. Төңкерістен кейін алаш қозғалысына белсене араласқан ағайындылар жалпықазақтық және облыстық қазақ съездерін ұйымдастыруға қатысып, одан әрі Алашорданың батыс бөлімін ұйымдастыру істеріне белсене араласқандары баяндалады. Жұмыстың мақсаты – ағайынды Әлібековтердің Алаш қозғалысы мен Алашорданың батыс бөлігін ұйымдастырудағы рөлін, кеңестік билік кезеңіндегі қызметін және олардың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесін анықтау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, дереккөздерге талдау жасау, архивтік құжаттарды қарастыру және алаштанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйену тәсілдері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде ағайынды Әлібековтердің қоғамдық-саяси қызметінің негізгі кезеңдері, олардың алаш қозғалысына қатысуы, жалпықазақ және облыстық съездерге қосқан үлесі, сондай-ақ кеңестік билік тұсындағы ұлттық мүддені қорғаудағы табандылығы анықталды. Мақаланың ғылыми құндылығы – бұрынғы деректерді жаңаша саралап, тұлғалардың тарихи рөлін кешенді түрде көрсетуінде. Алынған нәтижелерді Қазақстан тарихын оқытуда, ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыруда, сондай-ақ алаш қозғалысының аймақтық ерекшеліктерін зерттеуде қолдануға болады.

Кілт сөздер. Алаш қозғалысы, Алашорда, Батыс алашорда, жалпықазақ съездері, облыстық қазақ съездері.

Аман Алибек Бақытжанович¹

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент),
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан,
e_alibek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

Ходжабердиева Мария^{*2}

Магистрант образовательной программы по истории, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан, mariyamkozha@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-5984-3850

ГУБАЙДОЛЛА И АЛИАСКАР АЛИБЕКОВЫ — БОРЦЫ ЗА СВОБОДУ И НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.

Аннотация. В статье рассматривается общественно-политическая деятельность членов Алашского движения, в частности Западного отдела Алашорды, братьев Губайдоллы и Алиаскара Алибековых в 1917–1919 гг. Освещается их активное участие в Алашском движении после революции, организация общеказахских и областных съездов, а также непосредственное включение в процесс формирования Западного отдела Алашорды. Цель работы – определить роль братьев Алибековых в организации Алашского движения и Западного отдела Алашорды, их деятельность в период советской власти и вклад в становление казахской государственности. В исследовании применены историко-сравнительный метод, анализ источников, изучение архивных материалов и использование трудов алашведоведения. В результате выявлены основные этапы общественно-политической деятельности братьев Алибековых, их участие в Алашском движении, вклад в организацию общеказахских и областных съездов, а также последовательность в отстаивании национальных интересов в условиях советской власти. Научная ценность статьи заключается в новом осмыслении ранее известных данных и комплексном освещении исторической роли личностей. Полученные результаты могут быть использованы при преподавании истории Казахстана, формировании национального самосознания и патриотизма, а также в исследованиях региональных особенностей Алашского движения.

Ключевые слова. Алашское движение, Алашорда, Западная Алашорда, общенациональные казахские съезды, областные казахские съезды.

Aman Alibek Bakytzhanovich¹

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan,
e_alibek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

Khodzhaberdieva Mariam^{*2}

Master's student of the history educational program, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, mariyamkozha@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0008-5984-3850

BROTHERS GUBAYDOLLA AND ALIASKAR ALIBEKOV – FIGHTERS FOR THE FREEDOM AND INDEPENDENCE OF THE KAZAKH NATION.

Abstract. The article examines the socio-political activities of the members of the Alash movement, in particular the Western Department of the Alashorda, brothers Gubaydolla and Aliaskar Alibekov, during 1917–1919. It highlights their active participation in the Alash movement after the revolution, the organization of nationwide and regional Kazakh congresses, as well as their direct involvement in the establishment of the Western Department of the

Alashorda. The aim of the study is to determine the role of the Alibekov brothers in organizing the Alash movement and its Western Department, their activities during the Soviet period, and their contribution to the formation of Kazakh statehood. The research employs the historical-comparative method, source analysis, the study of archival materials, and the works of Alash studies scholars. As a result, the main stages of the socio-political activities of the Alibekov brothers were identified, including their participation in the Alash movement, their contribution to organizing nationwide and regional congresses, as well as their persistence in defending national interests under Soviet rule. The scholarly value of the article lies in the reinterpretation of previously known data and the comprehensive presentation of the historical role of these figures. The findings can be applied in teaching the history of Kazakhstan, fostering national consciousness and patriotism, and studying the regional characteristics of the Alash movement.

Key words. Alash movement, Alashorda, Western Alashorda, nationwide Kazakh congresses, regional Kazakh congresses.

Кіріспе. Алаш қозғалысы – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы ұлттық жаңғыруы мен тәуелсіздікке ұмтылысының жарқын көрінісі. Бұл қозғалыстың аймақтық ерекшеліктерін, соның ішінде Батыс Алашорданың қызметін зерттеу – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды бөлігі. Алайда ұзақ уақыт бойы кеңестік идеология ықпалымен алаш қайраткерлерінің қызметі бұрмаланып, олардың ел тәуелсіздігі жолындағы күресі тиісті бағасын ала алмады.

Еліміздің батыс өңірінен шыққан қайраткерлер ағайынды Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтер ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күреске белсене араласты. Олардың үлкені Ғұбайдолла Әлібеков ақпан революциясынан кейін алаш қозғалысына белсене араласып, кейін кеңестік билік жүйесінде тұңғыш әділет халық комиссары қызметіне дейін көтерілсе, ал кішісі немесе немере інісі Әлиасқар Әлібеков алаш қозғалысына ниеттес бола жүріп, Алашорданың батыс бөлімін ұйымдастыруға атсалысып, төңкерістен кейін ол да кеңестік билік жүйесінде түрлі деңгейлерде жауапты қызмет атқарды. Осы тұрғыдан алғанда ағайынды Ғұбайдолла мен Әлиасқар Әлібековтердің қоғамдық-саяси қызметін зерттеу айрықша мәнге ие. Біріншіден, олар Қазақстанның батыс өңірінде ұлттық мемлекеттілікке ұмтылған алаш зиялыларының белсенді өкілдері болды. Екіншіден, Әлібековтер алаш идеясына үн қосып қана қоймай, кеңестік билік тұсында да қазақ жерінің тұтастығын қорғау, ұлт мүддесін алға қою ісінде қайсарлық танытқан болатын. Үшіншіден, олардың өмір жолы тәуелсіз Қазақстан тарихының бастауында тұрған саяси қайраткерлердің тағдырын түсінуге, ұлттық сана мен патриоттық құндылықтарды дәріптеуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі. Ағайынды Ғұбайдолла мен Әлиасқар Әлібековтердің Алаш қозғалысы мен кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметін зерттеу арқылы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің тарихи сабақтастығын айқындауында.

Жұмыстың мақсаты–ағайынды Әлібековтердің Алаш қозғалысы мен Алашорданың батыс бөлігін ұйымдастырудағы рөлін, оған қосқан үлесін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысында салыстырмалы-тарихи, хронологиялық әдістер қолданыс тапты. Әртүрлі тарихи процестерлі тарихи тұрғыда салыстыру, олардың нәтижелерін баяндау арқылы тарихи-салыстырмалы әдіс қолданыс тапса, хронологиялық әдіс арқылы орын алған оқиғаларды рет-ретімен, жүйелі баяндау, оларға баға берілді. Сол заман куәгерлерінің жазбалары, тарихи кезеңде пайда болған құжаттарға салыстырмалы талдау жасалынды. Зерттеу жұмысының дерек көздері

ретінде жарық көрген құжаттар жинақтары, архив құжаттары, мемуарлық және энциклопедиялық еңбектердің материалдары пайдаланылды.

Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтердің өмірі мен қоғамдық саяси қызметіне қатысты материалдар мен деректердің энциклопедиялық еңбектерден, жарық құжаттар жинақтарынан және архив құжаттарынан аламыз. Мәселен, алаш қозғалысына арналған энциклопедиялық еңбектерден Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтердің аталған қозғалысқа қатысты тұстарынан мәліметтер кездестіреміз. Сондай-ақ алаш қозғалысына қатысты жарық көрген құжаттар мен материалдар жинақтарынан аталған тұлғалардың түрлі деңгейдегі қазақ съездеріне қатысқандығы және алашорданың батыс бөлігін ұйымдастыруға атсалысқандықтары туралы деректерді қолданысқа енгізді. ҚР президенті архивінен Ә.Әлібековке арналған жеке тектік қордың құжаттары қолданыс тапты. Ә.Әлібековтың 1923 жылы 12-тамызда өз қолымен жазған өмірбаянына тарихи талдау жасау арқылы, тұлғаның алаш қозғалысына қаншалықты қатыстылығын анықтауға тырыстық. Сондай-ақ мемуарлық еңбектер арқылы Ғ. және Ә.Әлібековтердің алаш қозғалысына қатыстылығы жөнінде деректер алынды.

Сонымен қатар мақала тақырыбына қатысты зерттеу еңбектері де кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер және оларды талқылау. Ғұбайдолла Әлібеков 1870 жылы Жымпиты уезінде өмірге келіп, осы өңірдегі Қарасу болысында молдадан хат таниды. Кейін Оралдағы училищеде, Орынбордағы мұғалімдер семинариясында білімін жетілдіреді. Оқуды аяқтағаннан кейін Орал уездік полиция басқармасында тілмаш, кейін Ойыл және Соналы болыстарының басқарушысы қызметін атқарады. Ғұбайдолла Әлібековтың немере інісі Әлиасқар Әлібеков те 1893 жылы Жымпиты уезінде өмірге келеді [1, 94-95 бб.]. Әлиасқар Әлібековтың өз қолымен жазылған өмірбаянында 1903-1906 жылдары Жымпитыда бір класты орыс-қазақ мектебінде, 1906 жылы Ілбішін маңындағы Қарасулық екі кластық мектепке оқуға түседі. Оны аяқтағаннан кейін Орал қаласындағы әскери реалды училищеге түсіп, оны денсаулығына байланысты үзіліспен 1917 жылға дейін оқығаны және сол жылы алты класты бітіргендігі айтылған. Одан әрі отбасы жағдайына байланысты оқуын жалғастыру мүмкін болмай, 1917 жылы отбасы құрып, 1918 жылға дейін ауылда болғандығы айтылады [2, С.10.].

Ағайынды Әлібековтердің белсенді қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі Ақпан революциясынан кейін басталады. Екеуі де революциядан кейінгі кезеңде елдің қоғамдық-саяси өміріне араласып, бастапқыда Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құру жұмысына кіріседі. Революциядан кейінгі кезеңде ағайындылардың үлкені Ғұбайдолла Әлібеков уақытша үкіметті қолдап, сонымен бірге облыстық және жалпықазақ съездерін өткізу мен ұйымдастыруға қызу араласады. 1917 жылдың наурыз-желтоқсан айларында Ғ.Әлібеков Орал облыстық қазақ комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Ал Әлиасқар Әлібековтың өмірбаянына қатысты жазылған еңбектер оның аз ғана уақыт болса да батыс алашорда үкіметін ұйымдастыруға көмек бергенін көрсетеді. Алаш қозғалысына арналған энциклопедиялық еңбекте оның 1918 жылы ақпанда Қаратөбеде өткен III Қазақ Орал облыстық съезіне қатысып, Самарада Құрылтай жиналысы мүшелерінің Уақытша комитеті құрылып, Батыс Алашорда күшейген тұста Е.Қасаболатов, М-Х. Мырзағалиев, Қ.Тәтібаевпен бірге Батыс Алашорда қызметіне араласады деп айтылса [1, 94 б.], өмірбаяндық энциклопедияда 1918-1919 жылдары Алаш Орданың Батыс бөлімінің органдарында жұмыс жасады деп қысқа мәлімет беріледі [3, С. 76.]. Сондай-ақ зерттеуші Р.Мәжитов Батыс Алаш Орданың бұрынғы белсенділері ағайынды Ғұбайдолла және Әлиасқар Әлібековтердің Ж.Досмұхамедов үкіметіне оппозицияға айналғандығын айтады [4, С. 96]. Бұл мәліметтерден Әлиасқар

Әлібековтың бастапқы кезеңге алаш қозғалысына ниеттес болғандығын, оның жұмысына белсене араласқандығын байқауға болады. Дегенмен, Әлиасқар Әлібековтың өз қолымен 1923 жылы жазылған өмірбаянынан: «1918 жылдан бастап кооперативтік және азық-түлік органдарында өзімнің қоғамдық жұмыстарымды бастап, бірнеше рет түрлі съездерге сайландым, сонда казак әскерінің қолдауымен ұлттық автономия және жергілікті басқаруды енгізуді көздеген қазақ зиялыларымен танысу мүмкіндігі болды. Бұл әрекеттері Мырзағалиев, Әйтиев, Кенжин, Әлібеков Ғұбайдолла және басқа да жекелеген жолдастар тарапынан қолдау таппады және оған мен де берілдім. Аталған жолдастар ерекше топ құрып, «Алаш-орда» деп аталған ұлттық автономияның құрылуына өздерінің қарсылықтарымен және Кеңес өкіметі үшін халық арасындағы үгітімен кедергі келтірді. Жолдастар тарапынан үгіт-насихат жұмысы маған да жүктеліп, онымен 1919 жылға дейін айналыстым», - деген алаш қозғалысына қатыстылығы жөнінде мынадай кереғар мәліметтерді байқауға болады [5, 6-парақ]. Бұдан байқайтынымыз кеңестік кезеңде дүниеге келген құжатта Ә.Әлібековтың өзі және ағасының алаш қозғалысына ниеттес болғандығын, оның жұмыстарына белсене араласқандығын жасырғысы келгендігі. Себебі бұл уақытта екеуі де кеңестік биліктің жауапты қызметтерінде жүрген болатын. Сондай-ақ ағайындылар 1919 жылдың бірінші жартысында-ақ кеңестер жағына шығып, осы тұстан ағайынды Әлібековтердің кеңес өкіметін орнату жолындағы біріккен қоғамдық-саяси қызметі басталған болатын.

Алаштанушы ғалым М.Қойгелдиевтің көрсетуінше ұлттық мүддені қорғап, талап-тілекті білдіру мақсатында, төңкерістен кейінгі кезеңде азаматтық комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ азаматтық комитеттері қалыптаса бастайды. 1917 жылдың 10 наурызында Орал облыстық қазақ комитеті құрылып, оның төрағасы болып Ғ.Әлібеков тағайындалады [6, 219-бет]. Қазақ комитеттеріне жүктелген басты міндеттердің бірі-облыстық съездерді өткізу болатын. Себебі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді талдап, бір тұжырымға келу үшін түрлі деңгейдегі басқасулар, съездер өткізу қажет болатын. Осы сәттен бастап Ғ.Әлібеков, А.Қалменов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ахмедшин, Н.Арғыншиевтер Орал облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастыруға кіріседі.

Орал облыстық қазақ съезі 1917 жылдың 19-22 сәуірі аралығында өтіп, оған 800 адам қатысып, оның төрағасы Ж.Досмұхамедов, оның орынбасарлары Ғ.Әлібеков пен А.Қалменов, хатшылары Ғ.Жетпісбаев, Х.Ахметшин және Н.Арғыншиевтар бірауыздан мақұлданады [7, С.36]. Облыстық қазақ съездерін, оның ішінде 1917 жылдың 19-22 сәуірі аралығында өткен Орал облыстық съезін кеңінен талдаған алаштанушы ғалым К.Нұрпейісовтің пікірінен аталмыш съездің қараған мәселелерінің басқалардан ерекшелігін және съезді өткізудегі Ғ.Әлібековтың белсенділігін байқауға болады. Автор: «Съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы ол жұмысын бастаудан бұрын Ғұбайдолла Әлібеков төрағалық еткен Уақытша облыстық қазақ комитетін құрған болатын. Съезді кіріспе сөзбен ашып, оның төрағасын, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасаған осы Ғ.Әлібеков болды», - дей келе, съездің Ғ.Әлібековтың мемлекеттік басқару формасы, Уақытша үкіметке көзқарас және соғысқа қатынас туралы үш мәселені талқылаудан бастау туралы ұсынысын қабылдағанын алға тартады [8, 100-бет].

Съездің алғашқы күнгі отырысында уақытша облыстық қазақ комитетінің төрағасы Ғ.Әлібеков жиналғандарға съезге келген ел өкілдерінен облыстық комитеттің жаңа құрамын сайлауды ұсынады. Съезд 20 адамнан тұратын облыстық Қазақ комитетін құрып, оның ішінде Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов және басқалармен Ғ.Әлібеков те болады [7, С.38]. Сондай-ақ съездің үшінші күнінде

Орал облысы атынан Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Халел Домұхамедовты, Жаһанша Досмұхамедовті, Ғұбайдолла Әлібековты, мұғалім Сұбхановты және алты молданы делегат ретінде жіберу туралы шешім қабылдайды [сонда, С.40]. Бұл туралы К.Нұрпейісов: «Облысқа кеңінен танымал үш бірдей саяси тұлғалардың бүкілроссиялық мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануы олардың жалпыроссиялық саяси қызметке араласуға шындап кол созғандығын көрсетті», - деп жазды [8, 102-бет].

1917 жылы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылданып, оның артын ала оған дайындық жұмыстары басталып кеткен болатын. Съезді ұйымдастыруды қолға алған топ күн тәртібіне қойылатын мәселелерді «Қазақ» газеті арқылы халық талқысына ұсынып отырды. Съездің күн тәртібіне қоятын мәселелері сол тарихи кезеңдегі мемлекеттік құрылыс, дін, жер, оқу-ағарту және т.б. мәселелер болатын. Сөйтіп тұңғыш жалпықазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтіп оған, Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарымен Бөкей ордасынан 20-дан астам адам қатысады. Алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев съездің хаттамасы сақталмағандығын, осыған орай жасалған баяндамалар мен айтылған пікірлер туралы айтудың қиындығын атап көрсетсе [6, 299 бет], өмірбаяндық энциклопедия құрастырушылар Ғ.Әлібековтың осы съезге делегат болғандығын көрсетеді [3, С.77.]. Съезд Ғұбайдолла Әлібековті Орал облысы мен Маңғышлақ уезі атынан «Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидат» ретінде бекітеді [7, С.46].

Уақытша үкіметтің өлкедегі ең өзекті мәселерді шеше алмаған, оны шешуді күн тәртібіне де қоймаған тұрақсыз саяси билікке айналуы, сонымен бірге бүкіл империяны қамтыған аласапыран қазақ облыстарын бүліншіліктен қорғау мақсатындағы алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай еді. Бұл ретте «Қазақ» газетінде басылған «Ел қорғау» атты мақалада: «... Қазір бізге басынды, мал-мүлкің, жер-суыңды қорғама деп тиятын да Ресей жоқ, пана болып қорғарлық та Ресей жоқ. Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойла, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы» деп жазылды [9, 45-бет]. Осындай алмағайып жағдайда, Орынборда шоғырланған қазақ зиялылары 1917 жылдың күзінде Алаш партиясы басшыларының шешіміне сәйкес жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісі бес адамнан тұратын комиссияға жүктеледі. Олардың құрамында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров болды. Кейінен М.Қойгелдиев көрсеткендей бұл кісілерге А.Бірімжанов, Ж.Жәнібеков, Ф.Ғалымжанов, К.Арынғазиев, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов қосылады [6, 326-бет].

1917 жылы 5-13 аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезіне барлығы 82 өкіл қатысады, оның ішінде Орал облысынан қатысқан 10 адамның ішінде Ғұбайдолла Әлібеков те болды. Съездің күн тәртібінде мынадай 10 мәселе болатын. Олар: 1. Сібір, Түркістан автономиясы һәм «Юго-Восточный союз» туралы, 2. Қазақ-қырғыз автономиясы; 3. Милиция; 4. Ұлт кеңесі; 5. Оқу мәселесі; 6. Ұлт қазынасы; 7. Муфтилік мәселесі; 8. Народный суд; 9. Ауылный управление; 10. Азық-түлік мәселесі. Съездің күн тәртібіндегі ең негізгісі ұлттық автономия болатын. Бұл ретте съезд ұлттық автономия құруды, оның атауын «Алаш» деп атау туралы шешім шығарды. Алайда съезге жиналғандар қазақ автономиясын жария ету мерзіміне келгенде екіге жарылды. Бірі қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етуді көздесе, екіншілері автономияны ресми жариялауды кейінге қалдыруды ұсынды. Автономияны бірден жариялауды қолдаған Х.Досмұхамедов, С.Досжанов, А. Кенжин, Д.Күсепқалиев, Ж.Досмұхамедов сынды 33 адамның арасында Ғұбайдолла Әлібеков те болды. Бірақ

пікірталас мұнымен де аяқталмай, азшылықта қалған өкілдер көпшіліктің ұсынымен келіспей автономияны қазір жарияламаса, біз Түркістан автономиясына қосыламыз деп талап қояды. Съезд алаш баласының бытырамауын абзал көріп, ымыралы бір шешімге келеді [10, 20-28 бб.].

Ж.Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси өмірін зерттеуші Р.Мәжитовтың пікіріне қарағанда автономияны жариялаудың уақыты туралы пікір қайшылығы, Ж.Досмұхамедов және оның жақтастарының автономияны жедел жариялау қажеттілігі қысқа мерзімде автономияны жариялап, Қазақстанның батысында қарулы күштерді ұйымдастыру ниеттерінен туындаған. Ал бұл өлкенің күрделі әскери жағдайында халықты талап-тонаудан құтқару үшін аса маңызды болды. Осы тығырықтан шығар жол Қазақстанның батыс өңірінде автономия жариялау болған [4, С.77]. Міне осы кезеңнен бастап Ғұбайдолла Әлібековпен бірге оның інісі Әлиасқар Әлібековтер Батыс Алашорданы ұйымдастыру ісіне кіріседі. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде Ж.Досмұхамедов және оның жақын жақтастары қазақ милициясын жасақтау мақсатында съезге жиналып, оған Х.Досмұхамедов, Е.Қасаболатов, М.Мырзағалиев және тағы басқалармен бірге Әлиасқар Әлібеков те қатысады. Күн тәртібіне үкіметті сайлау, әскери құру және оны ұстауға қарсы жинау мәселелері қойылады. Р.Мәжитовтің пікірінше осы съезде жеке өкімет пен қарулы күштерді құруға дайындықтың негізі қаланады. Съезде үкімет пен әскерді жасақтауда келіспеушіліктер болмағанымен, пікір араздығы әскери қажеттіліктерге әрбір түтіннен 100 сом көлемі есебінде бөлуге қатысты орын алды. Ғ.Әлібеков Ипмағанбетов, Хангереев, Жолдыбаев, Қасаболатов, Кенжин, Қаратілеуов және Мырзағалиевтермен бірге әскерді ұстауға жиналатын қаржының көлемімен келіспейді. Аталған тұлғалар салықтар байлардан ауқаттылығына қарай, ал кедейлерден мүмкіндігіне қарай жинау қажет дегенді алға тартады. Қарсы пікір айтушылар төрағасы Қасаболатов, мүшелері Ә.Әлібеков пен А.Кенжиндер «Ақ жол» партиясының идеясына сүйенген болатын. Олар өздерінің қарсылықтарын қағазға түсіріп, съезд басшыларына береді. Ал Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтардың пайымдары да бәрімізден бірдей 100 сомнан жинауымыз қажет дегенге саяды. Р.Мәжитовтің пікірінше Ғ.Әлібеков қатысқан Қаратөбе съезі уақытша қазақ үкіметінің-«Ойыл уалаятының, одан соң «Алаш-Орданың» Батыс бөлімінің құрылуының дайындық кезеңі болған. Қаратөбе съезінде Мәскеуге ХалКомКеңесімен келіссөздер үшін жүргзу үшін делегация жіберу мәселесі де қаралды» [сонда, С.71-73].

Осы ретте С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында Ғұбайдолла Әлібековтың А.Кенжин, Қасаболатов,, Жолдыбаев, Қаратілеуов, Мырзағалиевтермен бірігіп өз алдына бөлек «Ақ жол» партиясын құрғандығы туралы да айтылады. Автордың көрсетуінше олар Қаратөбе съезінен кейін Батыс Алашорда көсемдерімен ымыраға келе алмайды. Сөйтіп олар үгіт-насихат мақсатында болуы керек Ипмағанбетұлын, Кенжеұлын, Қаратілеуіұлын Темір уезіне жібереді, Қасаболатұлын, Мырзағалиұлын, Әлиасқар Әлібекұлын Орал қаласына жіберіп, өзгелері Жымпиты маңында қалады. Алайда 1918 жылы жазға таман аталғандардың бір бөлігі ақ гвардияшылардың қолына тұтқынға түседі [11, 167-169 бб.].

Алаштанушы ғалым К.Нұрпейісов 1918 жылдың 18-21 мамыр аралығында Алашорданың батыс бөлімі жетекшілерінің сепаратистік пиғылы мен іс-әрекеттері көрініс тапты деп бағалған Жымпиты қаласындағы Орал өңірі казактарының ІҮ облыстық съезі өтеді. Съездің күн тәртібінде маңызды деген 20 мәселе қаралып, Ойыл уалаятының уақытша үкіметі құрылады. Алайда бұл шешім Комуч, Алашорда үкіметтері тарапынан қарсылыққа кезігеді. Сондықтан 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске қатысқан Алаш автономиясының делегаттары осы айдың 11-інде

Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қояды. Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Ж.Досмұхамедов тағайындалады [8, 175-177 бб.]. Мәжіліске Алашорда мен Түркістан автономияларын Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай бастап барып, оған С.Досжанов, У.Танашев, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтармен бірге Әлиасқар және Ғұбайдолла Әлібековтер де қатысады [4, С.90]. Азамат соғысы барысында майдандағы жағдай жылдам өзгеріп, Қазақстанның көпшілік аудандары кеңес өкіметінің бақылауына өте бастады. Алашорда сенім артқан антикеңестік күштердің солқылдақтығы, сондай-ақ алашорда өкілдерінің қудалануы, барлығы айналып келгенде Алашорданы жақтаушылардың қоғамдық-саяси белсенділігінің төмендеуіне әсер етіп, бірқатарының кеңестер жағына өтуіне әкелді. Кеңес өкіметімен ымыраға келу туралы келіссөздердің нәтижесіз аяқталуы, Алаш автономиясын антикеңестік күштер тарапынан баянды етудің сәтсіз болуы 1919 жылдан бастап алаш қозғалысы өкілдерінің кеңестер жағына шығуына ықпал етті. Басқа да Алаш қайраткерлерімен бірге ағайынды Әлібековтер де кеңестер жағына өтеді.

Әлиасқар Әлібековтың өз қолымен жазылған өмірбаянында: «1919 жылдың наурызында жолдас Мырзағалиевпен бірге «Алашорда» және Орал казактарының үкіметі территориясынан Кеңес өкіметінің шегіне өттім. Бізді большевиктер ретінде соңымызға түсіп, Орал қаласына келдік. Көп ұзамай Орал қаласы казактар қоршауында қалды. Осы сәтте мен және басқа да жолдастар Қызыл армия қатарына қабылданып, сол жерде 1919 жылдың тамыз айына дейін болдым» деп жазады [2, С.11]. Үлкені Ғұбайдолла Әлібеков болса 1919 жылы жазда кеңестер жағына өтіп, 1920 жылдың наурызынан бастап Қазақ Революциялық комитетіне мүшелікке енеді.

Қорытынды. Сонымен, осы сәттен бастап ағайынды Әлібековтердің қоғамдық-саяси қызметінің кеңес өкіметі уақытындағы кезеңі басталады. Алаш рухын бойына сіңірген қайраткерлер кеңес өкіметі тұсында да ұлт мүддесін ұмытқан жоқ, оны жоғары қоя білді. Кеңестік билікте небәрі 1923 жылға дейін ғана қызмет еткен Ғұбайдолла Әлібеков Қазақ АКСР-ін құру ісіне белсене араласып, қазақ халқының тарихи-этникалық аймағын барынша сақтап қалуға атсалысады. Кейін тұңғыш Әділет халық комиссары, бас прокурор қызметтерін өмірінің соңына дейін адал атқарды. Әлиасқар Әлібеков болса, кеңестік билік тұсында жауапты қызметтер атқара жүріп, территориялық межелеу барысында қазақ жерінің тұтастығын табандылықпен жақтады. Кейін 20-жылдардың екінші жартысындағы жер мәселесіне қатысты тартыстарда ұлт мүддесін басты орынға қойғаны үшін қудаланды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алаш қозғалысы [Текст] / Энциклопедиялық анықтамалық – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
- 2 Алибеков, А.М. Государственный общественный деятель Казахстана [Текст] / А.М. Алибеков – Алматы, 2013.
- 3 Ашимбаев, Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия [Текст] / Д.Р. Ашимбаев – Алматы: Издательство 12-е., 2012. – 127 с.
- 4 Мажитов, Р.С. Жаханша Досмухамедов [Текст] / Р.С. Мажитов – Алматы: Арыс, 2007. – 216 с.
- 5 ҚР ПМ, 141-қор, 16-тізбе, 1398-іс.
- 6 Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы [Текст] / М. Қойгелдиев – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 7 Алаш-Орда [Текст] / сборник документов. (Сост. Мартынышко, Н.). – Алматы: Айқап, 1992. – 192 с.

8 Нұрпейісов, К. Алаш һәм алашорда [Текст] / К. Нұрпейісов, – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

9 «Қазақ» газеті [Текст] / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б.

10 Алаш қозғалысы [Текст] / Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж.. – Алматы: Алаш, 2005. – Т.2. – 496 б.

11 Сейфуллин, С. Тар жол тайғақ кешу. Роман-эссе. [Текст] / С.Сейфуллин – Алматы: Жазушы, 2009. – 432 б.

REFERENCES

1 Alash kozgalysy [Alash Movement]. Jenciklopedijalyk anyktamalyk. Almaty: Sardar, (2014): 528 b. – (In Kaz)

2 Alibekov, A.M. Gosudarstvennyj obshhestvennyj dejatel' Kazakhstana [Public and State Figure of Kazakhstan]. Almaty, (2013). – (In Rus)

3 Ashimbaev, D.R. Kto est' kto v Kazakhstane: Biograficheskaja jenciklopedija [Who's Who in Kazakhstan: Biographical Encyclopedia]. Almaty: Izdatel'stvo 12-e. (2012): 127 s. – (In Rus)

4 Mazhitov, R.S. Zhahansha Dosmuhamedov [Zhakhansha Dosmukhamedov]. Almaty: Arys, (2007): 216 s. – (In Rus)

5 KR PM, 141-kor, 16-tizbe, 1398-is.

6 Kojgeldiev, M. Alash kozgalysy [Alash Movement]. Almaty: Sanat, (1995): 368 b. – (In Kaz)

7 Alash-Orda [Alash-Orda]. Sbornik dokumentov. (Sost. Martynynko, N.). Almaty: Ajkap, (1992): 192 s. – (In Rus)

8 Nurpejsov, K. Alash ham alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, (1995): 256 b. – (In Kaz)

9 «Kazakh» gazeti [«Qazaq» Newspaper]. Bas redaktor A. Nysanbaev. Almaty: «Kazakh jenciklopedijasy» Bas redakcijasy, (1995): 367 b. – (In Kaz)

10 Alash kozgalysy [Alash Movement]. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Zheltoksan 1917 zh. – мамыр 1920 zh.. Almaty: Alash, (2005): Т.2., 496 b. – (In Kaz)

11 Sejfullin, S. Tar zhol tajgaq keshu. Roman-jesse. [A narrow path is slippery. Novel-essay]. Almaty: Zhazushy, (2009): 432 b. – (In Kaz)